

Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалдауларын жүзеге асыру барысында қолданылатын рұқсат беру жүйесі жөніндегі Ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Көлік және коммуникациялар министрі 1999 жылғы 13 желтоқсан N 904-I бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1027. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 17 ақпандағы N 84-I (V053507) бұйрығымен.

Халықаралық автомобиль тасымалдауларын жүзеге асыру барысында рұқсат беру жүйесін орындау тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында **Бұйырамын** :

1. Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалдауларын жүзеге асыру барысында қолданылатын рұқсат беру жүйесі жөніндегі қоса берілген Ережелер бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.Б.Есжанов) көрсетілген Ережелерді Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Бірінші вице-министр Қ.С.Кәрібжановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрінің
1999 жылғы 13 желтоқсандағы
N 904 - I бұйрығымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру үшін рұқсат беру жүйесін қолдану жөніндегі

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру үшін рұқсат беру жүйесін қолдану жөніндегі осы ереже (бұдан әрі - Ереже) мына автокөлік құралдарының иелері үшін міндетті халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде рұқсат беру жүйесінің тәртібі мен орындалу шартын айқындайды:

1) өзінің жабдықталуы бойынша жүргізушісін қосқанда тоғыздан астам адам тасымалдау үшін жарамды және жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауға арналған автобустар;

2) жүк автомобильдері (жүк көтергіштігі 3,5 тоннадан астам).

2. Осы Ережеде мынадай түсініктер пайдаланылады:

1) арнайы құжат - сериясы, реттік нөмірі және қорғау дәрежесі бар құжат (рұқсат, арнайы рұқсат);

2) рұқсат қағаз - автокөлік құралының келуіне және кетуіне рұқсат беретін немесе транзитпен жүруге құқық беретін құжат;

3) арнайы рұқсат - ірі өлшемді және ауыр салмақты көлік құралдарының жүруіне құқық беретін құжат;

4) транзиттік тасымалдау - бару және шығу мекендері осы мемлекеттің аумағынан тысқары орналасқан мемлекеттің аумағы арқылы жолаушылар мен жүктерді тасымалдау;

5) үшінші мемлекет - тасымалдаушының автокөлік құралы шығу (бару) мекенінде тіркелмеген, аумағында бару (шығу) мекені орналасқан шетел тасымалдаушысының мемлекетіне және мемлекетке аумағында бару (шығу) мекені орналасқан қатысы бар мемлекет;

6) тұрақты жолаушы тасымалы - тасымалдың бастапқы және соңғы бекеттерін, автобустар және бағдарлық таксилердің қозғалысының тоқтау бекеттерін және олардың қозғалыс кестесін көрсете отырып алдын-ала келісілген жол бағдарлары бойынша тасымал;

7) тұрақты емес жолаушы тасымалы - тасымалдаушылар мен жай және заңды тұлғалар арасындағы, аралық бекеттерде жолаушыларды отырғызбай, бір реттік тасымалдау негізінде орындалатын тасымалдар. Бұл ретте автобустармен бағдардың барлық ұзақтығында жолаушылардың бір ғана тобын жөнелту бекетіне жеткізіледі немесе, дербес құрамы өзгеріссіз қалатын жолаушылар тобы автокөлік құралының тіркелу мемлекетінен басқа мемлекетке тасымалданады, ал автокөлік құралы жолаушыларсыз қайтады.<*>

Ескерту: 2-тармақ толықтырылды ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен.

3. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуіне рұқсат беру жүйесі Қазақстан Республикасының заң және өзге де нормативті құқықтық актілерімен, Қазақстан Республикасы мен шетел

мемлекеттерінің арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы үкіметаралық келісімдермен айқындалады және халықаралық автомобиль тасымалдарын мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету мақсатында қолданылады.

4. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өтуіне өзіне шетелдік автокөлік құралының Қазақстан Республикасының аумағына кіруі қосылады, соның ішінде үшінші мемлекеттің аумағына, белгіленген бір мекенге бару және шығу мекендері Қазақстан Республикасының аумағының шегінде Қазақстан Республикасының аумағы бойынша соның ішінде үшінші бір мемлекеттің аумағына шетелдік автокөлік құралының транзитті жүріп өтуі, ауыр салмақты және ірі көлемді отандық автокөлік құралдарының жүріп өтуі.

5. Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтуіне құқық ретінде арнайы құжат - рұқсат, ал ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының өтуі үшін - арнайы рұқсат қызмет етеді. Рұқсат (арнайы рұқсат) өткізу бекеттерінде немесе өзге объектілерде беріледі және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитетімен (бұдан әрі - Комитет) бақыланады.

Үшінші мемлекеттің аумағында орналасқан шығу мекенінен Қазақстан Республикасының аумағындағы бару мекеніне дейін, не болмаса Қазақстан Республикасының аумағындағы шығу мекенінен үшінші мемлекеттің аумағындағы бару мекеніне дейін жолаушылардың және (немесе) жүктердің тасымалдарын жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдары үшін үшінші елдерге/ден тасымалдауды орындауға рұқсат беретін арнайы құжаттың болуы қ а ж е т .

Үшінші елдерге/ден жүк тасымалын жүзеге асыру кезінде, әрбір тасымалға шетел автокөлік құралының үшінші елден Қазақстан Республикасының аумағына немесе Қазақстан Республикасының аумағынан үшінші елге жүк тасымалына құқық беретін жеке рұқсат берілуге тиіс.<*>

Шетелдік тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының өтуін тиісті рұқсатсыз (рұқсаттар бланкілері келісілгеннен көп болғанда не болмаса тасымалдаушы мемлекетімен рұқсат беру жүйесі болмағанда) жүзеге асыру ниетін білдірген жағдайда Көліктік бақылау комитетінің органдары Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының өтуі үшін заңдарда белгіленген мөлшерде алымды ала отырып р ұ қ с а т б е р е д і .

Ескерту: 5-тармақ толықтырылды, өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен , Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 9 ақпандағы N 52-І бұйрығымен .

6. Шетелдік көлік құралдарына жүксіз Қазақстан Республикасының аумағына транзиттік бағыттағылардан басқаларына кіруге рұқсат мемлекетаралық келісімдерде қаралған жағдайда жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдермен басқасы көрсетілмесе, аумағының ішінде шетелдік автокөлік құралдарымен жолаушыларды және жүктерді тасымалдауға болмайды. <*>

Ескерту: 7-тармақ толықтырылды ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

8. Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік рейстен кері бағытта келе жатқан шетелдік автокөлік құралын жолай тиеу кезінде Қазақстан Республикасының аумағынан шығуға рұқсаттың болуы қажет.

9. Шетел автокөлік құралдарының жүргізушілерінің, жүктерге еріп жүруші немесе жолаушылар ретінде жол жүруші тұлғалардың Қазақстан Республикасының аумағында болуы "Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысымен бекітілген, Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібімен р е т т е л е д і . < * >

Ескерту: 9-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

10. Рұқсат бланкілерімен тең негізде айырбасты анықтау, Қазақстан Республикасы мен басқа мемлекеттер арасында Халықаралық автомобиль тасымалдарына рұқсат беру жүйесі туралы хаттаманы келісу және қол қою жөніндегі құзыретті орган Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі болып табылады.

Өзара (теңдестік шарттарында) келісілген рұқсат бланкілерінің санымен алмасуды Келісімнің шарттарымен тараптардың атқарушы органдары жүргізеді, ал рұқсаттар саны келісілгеннен артық болғанда немесе осы тараптардың арасында Халықаралық келісімдер болмаса, тасымалдаушылардың өтуі заңдарда белгіленген төлем тәртібіне және алымдар ставкаларына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Тасымалдаушылардың өтуге рұқсат беру жүйесінің және ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өту ережелерін сақтауына бақылауды Қазақстан Республикасы Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігінің Көліктік бақылау комитеті жүзеге асырады.

12. Көліктік бақылау комитеті және оның Аумақтық Көліктік бақылау басқармалары рұқсат беру жүйесін іске асыру кезінде мыналарды жүзеге асырады: < * >

1) рұқсат беру жүйесін тиімді пайдалануды мемлекеттік реттеуді және бақылады;

2) халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын қазақстандық және шетелдік автокөлік құралдарының өтуін, қозғалыс кестелерін, тұрақ орындарын, тиеу, түсіру (қайта тиеу) орындарын белгілеуді;

3) халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыратын қазақстандық тасымалдаушыларға шетелдік рұқсат бланкілерін беруді;

4) автокөлік құралының көлемі мен салмағы артық болғанда тасымалдаушыларға (шетелдіктерді қоса) арнайы рұқсат бланкілерін беруді;

5) шетел тасымалдаушыларының кіруді, шығуды, транзитпен өтуді жүзеге асыруына қазақстандық рұқсат бланкілерін беруді;

6) шетелдік тасымалдаушыларға Қазақстан Республикасының аумағы арқылы кейіннен үшінші мемлекеттің аумағында орналасқан бару мекені шекарасына дейін, не болмаса үшінші мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағындағы бару мекеніне дейін тасымалдауды жүзеге асыру кезінде рұқсат бланкілерін беруді;

7) солармен халықаралық автомобиль тасымалдары саласында рұқсат берусіз жүйе қолданылатын мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кіруіне тіркеу талондарын беруді.

Ескерту: 12-тармақ толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

13. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 25 сәуірдегі N 557 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында халықаралық автомобиль тасымалдарын ұйымдастырып дамыту және жетілдіру шаралары туралы Ішкі істер министрлігінің және Көліктік бақылау комитетінің органдары Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын шетелдік автокөлік құралдарының жүріп-тұруын бақылайды, егер қолданылатын халықаралық келісімдерде өзге жүріп-тұру мерзімі көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олардың кіру уақытынан бастап 30 күннің ішінде шығуын қамтамасыз етеді. Шетелдік тасымалдаушы транзиттік жол жүруді жүзеге асырған жағдайда, оның болу мерзімі, тура бағытта және кері бағытта жүру кезіндегі Қазақстан Республикасының аумағында нақты болу уақыты болып табылады. < * >

Ескерту: 13-тармақ толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

14. Тиісті рұқсатсыз және автомобиль тасымалдары саласындағы үкіметаралық келісімдердің ережелерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы қолданылып жүрген заңдарды бұзумен халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын шетел тасымалдаушыларының автокөлік құралдарына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтуі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар қолданылады.

15. Рұқсат қағазы автокөлік құралында болуы тиіс және бақылау жасауға өкілетті тұлғалардың талабы бойынша көрсетілуі тиіс.

16. Шекарадан Қазақстан Республикасының аумағындағы бару мекеніне дейін кіру кезінде және Қазақстан Республикасындағы шығу мекенінен Қазақстан Республикасының шекарасына дейін, сондай-ақ шығу және бару мекендері Қазақстан Республикасының аумағынан тысқарыда орналасқан деген шартпен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы шетелдік автокөлік құралдары тасымалдарды жүзеге асыруы кезінде алым белгіленген заңды тәртіпке сәйкес алынады.

Шетелдік автокөлік құралдарын Қазақстан Республикасының аумағы арқылы шығу мекенінен үшінші мемлекеттің аумағында орналасқан бару мекеніне дейін кейіннен шығумен шекараға дейін, не болмаса, үшінші мемлекеттің аумағынан Қазақстан Республикасының аумағындағы бару мекеніне дейін тасымалдарды жүзеге асыру кезінде алым (бұдан әрі үшінші елдерге/ден) белгіленген заңды тәртіпке сәйкес алынады.

Үшінші елдерге/ден алым Қазақстан Республикасының аумағы арқылы шетелдік автокөлік құралдарының транзиттік өту жағдайында алынбайды. Мемлекетімен тиісті халықаралық келісімдер жасалмаған шетелдік тасымалдаушы кіруге, шығуға немесе транзитпен өтуге рұқсат қағазы болмаса үшінші елдерге/ден алым белгіленген заңды тәртіппен төленеді. Шетелдік автокөлік құралының елдерге/ден өтуі үшін алым "Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алынатын алымдар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1397 қаулысында көзделген басқа алымдардан босатпайды.

16-1. Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттері арасында автобустармен жолаушыларды тасымалдау Келісімдерде ескерілген шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Тұрақты тасымалды ұйымдастыру жөніндегі ұсыныстар Келісуші Жақтардың құзыретті органдарымен бір-біріне алдын ала беріледі. Келісуші Жақтардың құзыретті органдары жүру бағдарларын, қозғалыс кестелерін, қолданылатын тарифтерді, тасымалдаушы жолаушыларды отырғызуды және немесе түсіруді жүзеге асыруға тиісті тоқтау бекеттерін, сондай-ақ осы бағдарда жолаушы тасымалдарын жүзеге асыру мерзімдерін келіседі.

Тұрақты жолаушы тасымалдарын жүзеге асыру кезінде тасымалдаушы қызмет көрсетуге сәйкесінше шарт жасай отырып, халықаралық қатынастағы автобустардың автовокзалға (автостанцияға) келуін және кетуін міндетті түрде қ а м т а м а с ы з е т у г е т и і с .

Тұрақты емес жолаушы тасымалдарын автобустармен жүзеге асыру кезінде Басқармамен расталған жолаушылардың тізімі бар болуы қажет.<*>

Ескерту: 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

17. Ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарының өтуі Комитеттің аумақтық басқармалары (Бұдан әрі - Басқарма) беретін арнайы рұқсат бойынша ж ү з е г е а с ы р ы л у ы т и і с .

Жолдардың және жасанды құрылыстардың үдемелі тозуына әкелетін, қозғалысқа кедергі жасайтын ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының өтуі үшін алынатын алымның мөлшерін оларды ұстауға, жөндеуге, өткізуді ұйымдастыруға, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған қосымша жұмыс көлемдерін өтейтін шығындармен анықталады және " Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алынатын алымдар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1397 қаулысына сәйкес алынады.

Жоғарыда тізілген көлік құралдарының жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары арқылы және Қазақстан Республикасы қалаларының аумағы арқылы жүріп өту ережесін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгілейді.

18. Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттері арасындағы жүктерді, жолаушылар мен багаждарды халықаралық тасымалдау халықаралық автомобиль қатынасы үшін ашық мекендер арқылы жүзеге асырылуы керек.

19. Шетелдік тасымалдаушылар үкіметаралық келісімдер мен Қазақстан Республикасының Заңдарының бұзылуы анықталса, рұқсат беру жүйесін қолданылуын бақылауды іске асыратын атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы шаралар қолдану үшін бұзушылар туралы ақпарат береді.

20. Рұқсат бланкілерін беру Қазақстан Республикасының аумағы бойынша көлік құралдарының жүріп өтуі үшін алымды төлегеннен кейін жүзеге а с ы р ы л а д ы . < * >

Қазақстан Республикасы арқылы автокөлік құралдарының өтуіне сондай-ақ ірі көлемді және ауыр салмақты көлік құралдарын өткізу үшін алынған қаражат ұлттық валюта теңгемен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем күніндегі бағамы бойынша аударылады және "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан

Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте есептеледі.

Автокөлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтуі үшін алынатын алымдарды уақытында ұстауға жауапкерлік Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне жүктеледі.

Ескерту: 20-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

2. Отандық автокөлік құралдарының иелеріне рұқсат беру бланкілерін бөлу және беру тәртібі

21. Қазақстандық тасымалдаушыларға шетелдік рұқсат беру бланкілерін ресімдеуді және беруді Басқармалар жүргізеді.

22. Басқармалар автомобиль көлігін және автожолдарды бақылау басқармасының, автомобильмен тасымалдау және рұқсат беру жүйесін бақылау бөліміне, тасымалдаушылар жөнінде 1, 2-қосымшаларға сәйкес толық мәліметті көрсете отырып, тапсырыстарды табыс етеді.

23. Алынған тапсырыстар бойынша Комитеттің төрағасы бекітетін рұқсат бланкілерін бөлу жөнінде рұқсат қағазы жасалады.

24. Көліктік бақылау комитеті үстіміздегі жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей шетелдік рұқсат беру бланкілерінің келесі жылға қажетті санын және алмасуды анықтау мәселесі бойынша халықаралық қатынас туралы келісімге қол қойылған тиісті мемлекеттердің құзыретті органдарымен келіссөздер жүргізуде шетелдік рұқсат беру бланкілерінің түрлері мен елдеріне қарай үстіміздегі жылы берілген саны туралы мәліметтерді Көлік және коммуникациялар министрлігіне жолдайды.

25. Комитет қазақстандық тасымалдаушылар үшін шетелдік рұқсат беру бланкілерін аумақтық басқармалар арқылы қазақстандық тасымалдаушылардан түскен өтініштерді және олардың бұрынғы кезеңдерде іс жүзінде пайдаланылуын ескере отырып, бөледі.

26. Рұқсат бланкілерін алғаннан кейін рұқсат қағазына сәйкес, Басқармалар көлік құралдарының иелеріне (тасымалдаушыларға) рұқсат бланкілерін беруді жүзеге асырады. < * >

Ескерту: 26-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

27. Бөлінген рұқсат бланкілерінің саны тасымалдаушылардың берген тапсырыстарынан аз болған жағдайда, мүмкіндігі бар тасымалдаушылар арасында Комитет рұқсат бланкілерін тапсырыс санына теңбе-тең бөлу арқылы жүргізеді. < * >

Ескерту: 27-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

28. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында жолаушылар мен жүктерді халықаралық тасымалдауды тұрақты жүзеге асыруға рұқсат бланкілері, тұрақты халықаралық автобус бағытына қызмет етуге құқылы қолында келісімі, құзыретті органдармен келісілген жүру бағытының сұлбасы, жүру кестесі, тарифтері, жолаушыларды отырғызуды және (немесе) түсіруді жүзеге асыруға тиісті тоқтау бекеттері, сондай-ақ тасымалдауды орындаудың белгіленген мерзімі бар тасымалдаушыларға беріледі.<*>

Ескерту: 28-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

29. Шетелдік рұқсат беру бланкілерін алуға отандық тасымалдаушылардың өтініші негіз болып табылады.

30. Шетелдік рұқсат беру бланкілері мынадай жағдайларда берілмейді:

1) Автомобиль көлігімен жолаушыларды және жүктерді халықаралық тасымалдауға лицензияның жоқтығы;

2) халықаралық тасымалдарды орындауда тасымалдаушының бұрын жіберген бұзушылықтары;

3) тасымалдаушы өтінген шетелдік мемлекеттің рұқсат беру бланкілерінің жоқтығы;

4) тасымалдаушылар үшін рұқсат беру бланкілерінің өтінген санынан артық сұранысы, олардың басқа өтінушілермен толық талап етілген жағдайдағы тасымалдаушылар үшін рұқсат беру бланкілерінің өтінген санынан артық сұранысы;

5) бұрын алынған, пайдаланылған рұқсаттарды қайтармауы.<*>

Ескерту: 30-тармақ толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

31. Әрбір автокөлік құралына немесе автопоезға бір рейс (ол жаққа және кері қарай) жасауға, бұдан өзгесі рұқсаттың өзінде айтылмаған болса, құқық беретін жеке рұқсат беру бланкісі берілуі керек.

32. Комитеттің шетелдік рұқсат беру бланкілерінің деректемелері Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекетінің арасындағы рұқсат беру жүйесі туралы Хаттамаға сәйкес қабылданған тілде толтырылады, мөрі (мөртаңба) және бланкіні берген тұлғаның қолы қойылып беріледі.

Бұл ретте бланкінің сәйкес графаларына тасымалдаушының атауы мен оның толық мекен-жайы жазылады.<*>

Ескерту: 32-тармақ толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

33. Іс жүзіндегі ережелерді және тасымалдау шарттарын бұзушы тасымалдаушылар әрі қарай рұқсат беру бланкілерін алу құқығынан айрылуы

мүмкін, сондай-ақ олардан халықаралық тасымалдауларды жүзеге асыру лицензиясы алынуы мүмкін.

34. Басқарма бастықтары рұқсат бланкілерінің берілуіне, олардың тікелей мақсатқа пайдаланылуына дербес жауап береді.

3. Рұқсат бланкілерін жасау, есепке алу және пайдалану

35. Рұқсат және арнайы рұқсат бланкілері қатаң есептегі бланкілер болып табылады.

36. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша шетелдік автокөлік құлдарымен халықаралық автомобиль тасымалдарын орындауға арналған рұқсат бланкісін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі әзірлейді және бекітеді, типографиялық тәсілмен дайындалады, реттік нөмірі және қорғау дәрежесі болады.

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігімен бекітілген үлгіде, орталықтанған бланкілік өнімдерді дайындау фирмасында қатаң есептегі бланкілер дайындалады.

37. Жалпы қабылданған халықаралық нормалар мен стандарттарға сәйкес бланкінің беттік жағында орналастырылған, бір ізге салынған рұқсат бланкісінің мынадай реквизиттері болуы керек:

- 1) аумағында берілген рұқсаттың күші бар мемлекеттің атауы;
- 2) рұқсат бланкісінің нөмірі, рұқсат етілген сапар саны;
- 3) тасымалдаушының атауы және оның толық мекен-жайы;
- 4) орны және рұқсат бланкісін берген күні;
- 5) рұқсат бланкісін берген құзыретті атқарушы органның қолы және мөрі;
- 6) қозғалыс бағыты;
- 7) шекарада жіберу мекені;
- 8) көлік құралының атауы, оның нөмірі және моделі;
- 9) автокөлік құралының жүк көтергіштігі;
- 10) автокөлік құралының жүксіз жабдықталған салмағы.

38. Рұқсат бланкісінің келесі жағында:

- 1) берілген рұқсат жүргізушіде немесе жүкті шығарып салушыда болуы тиіс және бақылауды жүргізуге уәкілеттендірілген тұлғаның талабы бойынша көрсетілуі керектігі туралы алғы шарты;
- 2) бақылаушы органдардың белгі және мөр қоятын орны;
- 3) тасымалданатын жүктің салмағы;
- 4) түсіру немесе бару мекені көрсетіледі.

Рұқсатты үшінші тұлғаға беруге тыйым салынады. Тасымалдаушы Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарда көрсетілген, тәртіптерді және автомобиль көлігі және жол қозғалысы үшін әкімшілік алғы шарттарды сақтауға

міндетті. Рұқсат беру қағазы басқа тараптың Құзыретті органының толтырылған реквизиттері, қолы мен мөрі болмаса, сондай-ақ оны беру орны бойынша немесе түзетілген жазбалардың расталмауынсыз Басқарманың қолы мен мөрінсіз жарамсыз. Рұқсат бланкілерінде түзету жазбалары Басқарманың мөрімен р а с т а л а д ы . < * >

Ескерту: 38-тармақ толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

39. Рұқсат бланкілерінің Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеттерінің арасындағы халықаралық автомобиль тасымалдарына рұқсат ету жүйесін құру туралы хаттама келісілгенде түрі өзгертілуі мүмкін, жеке жағдайда Тараптардың өзара келісімі бойынша олар бір ізге салынуы мүмкін.

40. Заңды тұлғаларға бланкілерді беру жүк құжаттамасымен сенімхат болған жағдайда, жеке тұлғаларға жүк құжаттамасымен жеке басын растайтын құжаты болған жағдайда Қазақстан Республикасы аумағы арқылы өтуі үшін алым төлегеннен кейін жүзеге асырылады.

Қазақстандық тасымалдаушылар пайдаланған шетел рұқсат бланкілері оларды беру орны бойынша Басқармаларға міндетті тапсырылуға жатады.<*>

Ескерту: 40-тармақ толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

41. Басқармалар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне жинақталған ақпарат беру үшін Комитетке, берілген рұқсат беру бланкілерінің түрлері және елдер бойынша саны туралы ақпаратты және Республикалық бюджетке аударылған автокөлік құралдарының жүруінен алынған алым туралы, сондай-ақ аумақтық Салық комитеттерімен салыстырылған тексеру актісін есеп беру айынан кейінгі әр айдың 5 күніне дейін тапсырады.

4. Автокөлік құралдарын көліктік бақылау бекеттерінде тексеру тәртібі<*>

Ескерту: 4-бөлімнің атауы өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

42. Қазақстан Республикасының автомобиль қатынасы үшін ашық аумағында немесе Қазақстан Республикасы шекарасының өткізу бекетінде орналасқан көліктік бақылау бекеті (КББ) қызметкері автомобиль құралдарының жүруіне бақылауды мынадай тәртіпте жүзеге асырады:<*>

1) жүру құжаттарын, (рұқсат қағазы, тауар-көлік жүк құжаты (CMR), халықаралық жолда тасымалдау кітапшаларын (TIR Carnet), жол парағын, техникалық төлқұжатын тахографтың немесе жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін есепке алуды тіркеу парағын тексеру;<*>

2) рұқсат қағазы болмаған жағдайда осы Ережеге сәйкес әрекет жасау;

3) тауар-көлік жүкқұжаты, жол парағы, техникалық төлқұжаты болмаған жағдайда автокөлік құралы жол полициясының қызметкерлерімен бірлесіп Жол полициясы басқармасының айып төлеу алаңына жөнелтіледі, ал Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының өткізу бекетінде шетелдік автокөлік құралдарының қозғалысын жібермеу жөніндегі шаралар қолданылады.

Ескерту: 42-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

42-1. Жолаушыларды тұрақты тасымалдау кезінде КББ қызметкері: автокөліктегі құзыретті органның мөрімен расталған (шетелдік тасымалдаушылар үшін аталған құжаттар Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің бланкісінде ресімделеді және оның мөрімен расталады, ал отандық тасымалдаушылар үшін бағыты оның аумағы бойынша өтетін мемлекеттің құзыретті органы растайды) жолаушыларды осы бағыт бойынша тасымалдау куәлігін не оның рұқсат көшірмесінің түпнұсқасының;

бағыты оның аумағы бойынша өтетін мемлекеттің құзыретті органымен келісілген осы бағыт бойынша қозғалыс кестесінің (автобустың салонында) түпнұсқасы немесе көшірмесінің;

бағыты олардың аумағы бойынша өтетін мемлекеттердің құзыретті органдарымен келісілген шекара өткелдерін көрсете отырып (автобустың салонында) бағыт сұлбасының бар болуын тексереді.<*>

Ескерту: 42-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

42-2. Жолаушыларды тұрақты емес тасымалдау кезінде КББ қызметкері: халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға құқық беретін (шетелдік тасымалдаушыларда - егер олардың ішкі заңнамасымен ескерілген болса), есептік құжаттардың (лицензиялардың);

егер Келісіммен ескерілген болса, Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жол жүруге рұқсаттың;

Басқармамен расталған жолаушылардың тізімінің; шетел автокөлік құралының кіруін (рұқсатсыз жүйе қолданылатын мемлекеттердің тасымалдаушылары үшін) тіркеу талонының бар болуын тексереді. <*>

Ескерту: 42-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

43. Автокөлік құралдарын тексере өлшеу және көлемдік параметрлерін өлшеу бір уақытта жүзеге асырылады:

1) белгіленген параметрлерден асып кетсе "Қазақстан Республикасының

аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуіне алым туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 1397 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуіне алымдар төлеу және ставкалар тәртібіне сәйкес ауыр салмақты және ірі көлемді автокөлік құралдарының жүруіне алымды есептеу жүргізіледі. "Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша, ауыр салмақты және ірі көлемді автокөлік құралдарын жіберу жөніндегі" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1997 жылғы 4 желтоқсандағы N 605 бұйрығымен бекітілген нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады. Өлшеу көрсеткіштері және жол құжаттарының оқу негізінде арнайы рұқсат беру ресімделеді. Тиісті алымды төлегеннен кейін белгіленген бағыт бойынша Қазақстан Республикасының аумағы бойынша ауыр салмақты және ірі көлемді автокөлік құралдарының жүруіне арнайы рұқсат беріледі;

2) арнайы рұқсаты бар болғанда арнайы рұқсатта көрсетілген мәліметтермен автокөлік құралдарының нақты салмақты және көлемді параметрлерін салыстыру жүргізіледі. Арнайы рұқсат қағазында көрсетілген автокөлік құралдарының қандай да бір параметрлерінің асып кеткенін тапса, СББ қызметкері Қазақстан Республикасының автокөлік жолдары бойынша ауыр салмақты және ірі көлемді автокөлік құралдарын өткізу нұсқаулығына сәйкес әрекет етеді. Автокөлік құралының салмақ қабылдау платформасы арқылы қозғалыс жылдамдығы 40 км/сағ. аспағанда білікке түсетін ең жоғарғы күш 5% асырылуына автопоездың нақты массасы арнайы рұқсатта көрсетілгеннен аспаса рұқсат етіледі.<*>

Ескерту: 43-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

44. КББ қызметкері автокөлік құралдарының жол жүру бұзушылықтары туралы және оның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданған шаралары туралы жоғары тұрған басшылыққа белгіленген тәртіппен хабарлауға м і н д е т т і . < * >

Ескерту: 44-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

45. СББ қызметкері Қазақстан Республикасының аумағы арқылы автокөлік құралдарының жүріп өтуіне бақылау жасауды тіркеу журналына сәйкес мәліметтерді тіркеуді жүргізеді.

46. Тіркеудің ақысыз талондарын берумен, автокөлік құралдарының жүріп өтуінің рұқсатсыз жұмыс жүйесі туралы сәйкес халықаралық келісімдермен бекітілген мемлекеттердің автокөлік құралдарының уақытша шығуын тіркеуді ж ү р г і з е д і .

Тіркеу талоны бақылаудан өту туралы СББ мөрімен жойылуы керек.<*>
Ескерту: 46-тармақ өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникациялар
министрінің 1999 жылғы 13 желтоқсан
N 904-І бұйрығымен бекітілген
Қазақстан Республикасында
халықаралық автомобильтасымалдарын
жүзеге асыру үшін рұқсат беру
жүйесін қабылдау жөніндегі ережеге

1-қосымша<*>

Ескерту: 1-қосымша өзгертілді - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .

Рұқсат бланкілеріне жинақталған тапсырыс

Реттік N! Рұқсат беру ! Жалпы сұраныс !Соның ішінде тоқсан бойынша
түрінің атауы барлығы, дана

I ! II ! III ! IV

1 2 3 4 5 6 7

Қазақстандық рұқсат ету

б л а н к і л е р і

1 . ! Т р а н з и т т і жүріп
ө т у д і ң к і р у і н е ,
ш ы ғ у ы н а

2 . ! Ү ш і н ш і
м е м л е к е т т е р г е
т а с ы м а л д а у ғ а

Шетелдік рұқсат беру бланкілері

3 . ! Т р а н з и т т і жүріп
ө т у д і ң к і р у і н е ,
ш ы ғ у ы н а

	2	1
3, 4 жолдар тасымалдаушыларды көрсетумен елдер бойынша толтырылды	1	
Елдердің тізбесі АВТО-3 есеп беруде	2	
Тасымалдаушыларды 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсету		
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1999 жылғы 13 желтоқсан N 904-І бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында халықаралық автомобильтасымалдарын жүзеге асыру үшін рұқсат беру жүйесін қабылдау жөніндегі ережеге		
2-қосымша<*>		
<i>Ескерту: 2-қосымша толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникациялар министрінің 2001 жылғы 10 шілдедегі N 217-І бұйрығымен .</i>		
Рұқсат бланкісіне тапсырыс		
Реттік N	Тасымалдаушының атауы, заңды мекен жайы, телефоны	Автокөлік! Жүктердің атауы құралдары. және тасымалдау ның саны, көлемі д а н а
1	2	3
т а б л и ц а н ы ң		ж а л ғ а с ы
Сапар шығу елі!	Қажетті рұқсат беру саны, дана	Санаттар және түрлер бойынша
		Лицензияның N мен сериясы
5	6	7
		8

